

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы

**Ұйым атауы:** «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі-АИТВ орталығы)

**Талдаумен қамтылған кезең:** 10.11.2025 - 04.05.2026 ж.ж

**Талдау жүргізу мерзімі:** 10.04.2026 – 04.05.2026 ж.ж

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы; Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, және осы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулық және «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Кәсіпорын) директоры А.Б. Кудаманова. АИТВ-орталығының 2026 жылы 03 сәуір №61-н бұйрығына сәйкес жұмыс тобымен, 2026 жылы 03 сәуір №62-н бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, орталық бойынша ағымдағы жылдың 10 сәуірден бастап 04 мамырды қоса алағанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) жұмыстары жүргізілді.

СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) АИТВ орталығының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) АИТВ орталығының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

әкімшілік-басқарушылық персонал, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

- мүдделер қақтығысын реттеу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету;

- бақылау

- тексеру функцияларын іске асыру;

- бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

- жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

- ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

- мемлекеттік сатып алу;

СЖТІТ келесі принциптер бойынша жүзеге асырылады:

1) объективтілік; 2) сенімділік; 3) ашықтық; 4) жан-жақтылық.

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК өз қызметінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі, "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының

2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Зандарын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы №ҚР ДСМ-204/2020 бұйрығы және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ, «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК Жарғысын және Ұжымдық шартты басшылыққа алады.

**Материалдық есепші. Шаруашылық бөлімі жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Материалдық есепші, шаруашылық бөлімінің 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына жұмыс жасау есебі ұсынылды. Берілген есеп бойынша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт негізінде жасалынған жұмыстар: - жылу беру қазандарын тексеру; - өрт қауіпсіздігін тексеру; - бейне бақылау камераларын қадағалап тексеру; - генератор қозғалтқыштарын тексеру; автокөлік сақтандыруға; тұрмыстық қатты қалдық қоқысты; -лифтке техникалық қызмет көрсету; -техникалық жөндеу ортылығына; -желдету жүйесіне; 1С бағдарламасы; -біріктіру 1С-ФОМС бағдаламасына; - шаруашылық жұмыстарды қадағалау, оның ішінде, АИТВ орталығы ғимаратын жабдықтау, АИТВ орталығына жұмысқа жарамдылығын және тиісті жағдайын сақтау шаралары, техникалық қызмет, жөндеу жұмыстарына – 5 060 207 теңге, көлемінде АИТВ орталығына мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарт негізінде 2026 жылға алынды. Материалдық есепші, шаруашылық бөлімі жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Қоймашы жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Қоймашының 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына ұсынылған есебі бойынша: - 2025 жылдың 2 айын қосқанда қоймадағы тауардың соммасы - 1 623 054,23 тг, қоймаға келген тауардың соммасы -426 923,80 тг, жұмсалған тауар -670 199,98 тг, қалдық соммасы -1 379 778,05 тг, құрады. 2026 жылдың 1-тоқсанында қалдық соммасы -1 379 778,05 тг, келіп түскен тауар соммасы 1 867 983,48 тг, жұмсалғаны -787 922,69 тг, қалдық соммасы -2 459 838,84 тг тауарларын қабылдау; қойма құжаттамасын жүргізу Қоймашы жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Фармацевт жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Фармацевт маманының 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына ұсынылған есебі бойынша: - АИТВ орталығына келіп түскен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қабылдау, 1С бағдарламасына тіркеу, сақтау шарттарына және олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға байланысты сақтау топтарына бөліп орналастыру; - АИТВ орталығының бөлімшелеріне қолданысқа беру; - дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарамдылық мерзімін бақылау, қадағалау; - есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізу. Фармацевт маманының 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына ұсынылған есебі, оның ішінде, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау, санитарлық

эпидемиологиялық талаптарды сақтау, жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жою, тұтыну, сатып алынған, қалдықтар, ай басындағы қалдықтар есептері жұмыс тобымен қаралды. Фармацевт жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **Зертханашы жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Зертханашының 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына ұсынылған есебі бойынша: - Уақытылы анализ жүргізу, материал жинау, өңдеу, ары қарай уақытылы анализ нәтижелерін дәрігерлерге жіберу. - АИТВ орталығына келіп түскен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, реактивтерді, реагенттерді қабылдау, 1С бағдарламасына тіркеу - сақтау шарттарына және олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға байланысты сақтау топтарына бөліп орналастыру. 2026 жылға зертханадағы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жұмыстырына, 17 370 072 тг мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісімшарттар жасалды. жұмыстарына - Зертханашы жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **Персоналды басқару қызметі маманының жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Персоналды басқару қызметі маманының 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына ұсынылған есебі бойынша: - бұйрық түрлерін дайындау; - кадрлық құжаттамаларды жүргізу; - военкоматқа (әскери комиссариат) есеп беру; - қызметкерлердің жұмыс уақыты есебі (табель) толтыру; - демалыс және еңбек тәртібі және т.б. - жоғары органдарға (ДСБ, сыбайлас жемқорлық агенттігі, еңбек инспекциясы) есептер дайындау беру; - ішкі аудит немесе тексеріс кезінде құжаттарды ұсыну 2025 жылы 4-тоқсан есебі бойынша жалпы штат саны 84 бірлік болды. Есепті кезеңде мекеменің штаттық кестесіне өзгерістер енгізіліп, қайта қаралды. Құрылымдық оңтайландыру аясында бос тұрған тазалықшының 1,0 штат бірлігі, бос тұрған автокөлік жүргізушісінің 1,5 штат бірлігі, және әлеуметтік қызмет бойынша 0,5 штат бірлігі қысқартылды. Инфекциялық бақылау мейірбикесінің 2026 жылғы 05 наурыздан бастап жұмыстан шығуына байланысты, оның функционалдық міндеттерінің 0,25 штат бірлігі басқа мейірбикеге жүктеліп, бос тұрған 0,75 штат бірлігі қысқартылды. Емдеу-алдын алу бөліміне 0,5 штат бірлігі медбике штаты енгізіліп, терапевт лауазымы бойынша 1,0 штат бірлігі толықтырылды. Нәтижесінде 2026 жылы 1-тоқсан есебі бойынша жалпы штат саны 83,50 бірлік болып 2026 жылы 30 наурызда бектілді, оның ішінде, мамандар – 10,50 дәрігерлік персонал – 15,25 орта медициналық персонал – 19,75 кіші медициналық персонал – 6,50, өзге персонал – 31,5 Жалпы АИТВ орталығында есеп беру кезінде нақты жұмыс істейтін қызметкерлер саны барлығы 74 қызметкер. Есеп беру кезінде 5 – қызметкер бала күтімі демалысында, 4 – қызметкер зейнет жасында еңбек қызметін атқаруда 2026 жылы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы есебі бойынша 3 – қызметкер жұмыстан босатылды, 1 – қызметкер жұмысқа орналасты. 2025 жылдың қараша айынан бастап ҚР ДСМ 283/2020 бұйрығына сәйкес, АИТВ орталығының дәрігерлері мен мейіргерлері біліктілік деңгейін (санат) алуда. Персоналды басқару қызметі маманының жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Бірақ, бұзушылық көрінісі табылды: 31.12.2025 жылы №257-ж бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек Кодексінің 52 бабының 1 тармағы 2 тармақшасына сәйкес 2026 жылы 05 қаңтарда штаттық оңтайландыруға байланысты, директордың емдеу іс жөніндегі орынбасары лауазымы қысқартылды. ҚР еңбек инспекциясының

тексеру қортындысы негізінде аталған лауазым Еңбек Кодексінің 23 бабының 2 тармағының 12 тармақшасы және 161 бабының 1 тармағын және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 10 ақпандағы №12675 тексеру актісін АИТВ – орталығының 20.02.2026 жылы №28-ж бұйрығын негізге ала отырып 2026 жылдан 26 ақпанынан бастап бұрынғы қызметіне - директордың емдеу іс жөніндегі орынбасары лауазымына жұмысқа қайта қалпына келтірілді. Жұмыс уақытына енгізілген өзгерістер. Комплаенс-офицердің қызметтік хат негізінде 2026 жылы 12 қаңтарда №20-н бұйрыққа сәйкес мекемедегі күзетшілер мен газ қазандығы операторларының жұмыс уақыты, ҚР Еңбек Кодексінің 68, 86 баптарына сәйкес операторлар 12 сағат күндізгі ауысым, 12 сағат түнгі ауысымда атқарсын және күзетшілер тек 12 сағаттық түнгі ауысымда атқарсын.

**. Ұсынымдар:**

1. АИТВ орталығының қызметкерлері жеке құжаттамалары өзгертілген жағдайда (жеке куәлік ауыстыру, аты жөнін ауыстырған жағдайда), категория алғанда, жалпы жұмысқа қажетті барлық құжаттарды сұратылған уақытында тапсыру;
2. Шығарылған басшының бұйрықтарымен уақытында келіп тапсыру;
3. Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек тәртіптерін сақтау;
4. Табель толтырудағы қосымша кестені (график) уақытыл қатесіз дұрыс беру.

**Мемлекеттік сатып алу маманының жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Мемлекеттік сатып алу маманының 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына ұсынылған есебі бойынша: 2025 жылы 4 тоқсан (қараша, желтоқсан) бойынша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 32 келісім шарт жасалды. Оның ішінде, 14 – қызмет көрсету, 18 – тауар, жұмыс. Медициналық ұйымдарға арналған сатып алу веб-порталы бойынша 2025 жылы 4 тоқсан (қараша, желтоқсан) айы аралығында 13 келісім шарт жасақталды. 2025 жылы 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына бойынша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 106 келісім шарт жасалды. Оның ішінде, 50 – қызмет көрсету, 56 – тауар, жұмыс. Медициналық ұйымдарға арналған сатып алу веб-порталы бойынша 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына, 32 келісім шарт жасақталды. Мемлекеттік сатып алу маманының жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Есеп қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда**

Бас есепші, аға есепші (материалдық есепші), еңбек ақы есептеу есепшісі 2026 жылғы 10 сәуір, 04 мамыр аралығындағы 2025 жылдың 4 тоқсандағы (қараша, желтоқсан) 2026 жылдың 1 тоқсандағы (қаңтар, ақпан, наурыз) 2 тоқсанның сәуір айына бойынша есептері ұсынылды. Толық ақпарат ұсынылған есепте. Есеп бөлімінің жұмысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Ұсынымдар:**

1. АИТВ орталығының қызметкерлері жеке құжаттамалары өзгертілген жағдайда (жеке куәлік ауыстыру, аты жөнін ауыстырған жағдайда), категория алғанда, жалпы жұмысқа қажетті барлық




- күжаттарды сұратылған уақытында тапсыру;
- 2.Шығарылған басшының бұйрықтарымен уақытында келіп тапсыру;
- 3.Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек тәртіптерін сақтау;
- 4.Табель толтырудағы қосымша кестені (график) уақытылы қатесіз дұрыс беру;

#### Қортынды

Талдау нәтижесі бойынша Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы шаруашылық жүргізіу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

#### Жұмыс тобының мүшелері


Комплаенс-офицері  
Эпидемиолог дәрігері  
Инфекционист дәрігері

 Б.Б.Тайжанов  
 Г.А.Умарова  
 А.Т.Бисенов

#### «Келісілді»

«Облыстық АИТВ-инфекциясының  
алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК  
директоры



  
А.Б.Кудаманова